

ӨЗГЕРІСТЕР, ДАМУ ЖӘНЕ ШАБЫТ ЖЫЛЫ

«TEACH FOR QAZAQSTAN» ҚҚ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ
МАУСЫМ 2024 - МАУСЫМ 2025



МАЗМҰНЫ

«Teach for Qazaqstan» қоғамдық қорының тең құрылтайшысы мен директорының үндеуі	4
Бағдарлама қатысушылары мен серіктес мектеп оқушыларының пікірлері	8
Қайта қарау: миссия, ұстаным және құндылықтардың жаңаруы	10
Қорды басқару органдарының құрылымы	14
Бірге күштіміз: Teach For All ұйымымен жаһандық серіктестік	17
Жаңа мамандыққа жол: біз талантты қатысушыларымызды қалай іздейміз	18
Welcome on board: жаңадан қосылған қатысушыларды қалай қолдаймыз	20
Жұмыс тәсілдері: инновациялар, даму, қолдау	21
Жазғы институт - 2024: жаңа мүмкіндіктер алаңы	24
Кәсіби даму траекториясы: қатысушыларымыздың жетістіктер күнделігі	26
Қатысушылар мен серіктес мектеп оқушыларының жеңістері мен жетістіктері	27
Өзара ықпал ету сиқыры: балалар бізді қалай өзгертеді	31
Серіктестерге арналған номинациялар: TFQ дамуына қосқан үлесті мойындау	34
Алғашқы жарқын жол: TFQ I-ші легінің түлектері	36
Серіктестіктегі пайымдар: экожүйелік тәсіл және ұжымдық көшбасшылық	40

Серіктес мектептер педагогтерімен жұмыс: мағыналық көкжиектерді кеңейту	41
Басқарушылық командалармен жұмыс: бірегейлік, тұрақтылық, даму	41
Шабыт алаңы: мектепте педагогтерді қолдау	44
Өзара түсіністіктің айнасы: «Айна» фестивалі барлығын қалай біріктіреді	46
Колледжден мектепке: мағына мен сенім жолы	48
ERG Мектер жобасы: қазақстандық мектептер үшін қауіпсіз әрі шабыттандыратын болашақ қалыптастыру	50
Шабытты бастамалар: құндылықтарымызды ілгерілетуге арналған іс-шаралар	52
Нәтижеге бірге: жұмысымызды қалай бағалап, жетілдіреміз	54
Қаржылық есеп: адалдық пен ашықтық	54
Табысқа бірге: TFQ командасының белсенділік деңгейін зерттеу нәтижелері	58
Біздің амбассадорларымыз	60
TFQ баспасөз беттерінде: сыртқы көзқарас	64
Біздің серіктестеріміз	67
Сіз бізге көмектесе аласыз	68



Құрметті достар, серіктестер, әріптестер және пікірлес жандар!

Бұл жыл Teach for Qazaqstan командасы үшін үлкен үміттер мен шынайы жеңістер жылы болды. Біз күн сайын иық тіресе жұмыс істеп, серіктес мектептердегі балалардың өздеріне тірек тауып, өз күшіне сенуіне ықпал еттік. Teach for Qazaqstan - бұл тек мұғалімдерді даярлау бағдарламасы ғана емес, бұл - әр адам өзгерістердің қозғаушы күшіне айналатын нағыз қозғалыс. Мұнда әрбір қатысушы оқушыларды, әріптестерді, тіпті тұтас қауымдастықтарды даму мен өсуге шабыттандырады.

Біз негізгі демеушіміз Freedom Holding Corp. компаниясына орасан зор қолдауы мен шексіз сенімі үшін алғысымызды білдіреміз. Сондай-ақ, қозғалысымызға жаңа серіктестердің қосылып жатқанына қуаныштымыз. Біздің түлектердің білім беру жүйесінде қалып, мектеп оқушылары үшін үлгілі тұлғаға айналып жатқаны біз үшін ерекше мақтаныш.

Өңірлердегі жұмыс - әрдайым сын-қатерлерге толы: ресурстардың жетіспеушілігі, қалыптасқан стереотиптер, балалардың дайындық деңгейіндегі айырмашылықтар. Біз күмән мен сенімсіздікке, «Бұл қолымыздан келе ме?» деген сұрақтарға жиі тап болдық. Алайда кеше ғана қол көтеруге қорыққан оқушының бүгін сынып алдында сенімді түрде сөйлеп тұрғанын көрген сайын, біздің еңбегіміздің зая кетпегенін түсіндік.

Осы жылы сіздердің қолдауларыңыз бен сенімдеріңіздің арқасында біз:

- Қарағанды облысының мектептеріне жаңа мұғалімдерді жібердік;
- -Мектеп өмірін өзгертіп, жергілікті қауымдастықтардың қатысуымен көптеген білім беру және мәдени жобаларды іске қостық;
- Бағдарлама қатысушыларын тек қаржылық және әдістемелік қолдаумен ғана емес, сонымен қатар коучингтік қолдаумен қамтамасыз еттік, осылайша олар басты назарды – балалардың дамуына аудара алды;
- Биылғы жылдың қыркүйегінде серіктес мектептердің педагогикалық қауымдастығына қосылған жаңа қатысушылар тобын іріктеп алдық;
- Жергілікті қауымдастықпен тренингтер және рефлексиялық кездесулер форматында тығыз жұмыс орнаттық;
- Жинақталған тәжірибені кеңейтіп, үздік тәжірибелермен бөлісуге мүмкіндік беретін серіктестер шеңберін кеңейттік.

Teach for Qazaqstan – бұл **адамдардың дамуы туралы**. Бұл – өзіне сенген әрбір бала туралы. Бұл – қалыпты шеңберден шығудан қорықпаған әрбір педагог туралы. Бұл – бізді сөзбен, іспен және ресурстармен қолдаған сіздердің әрқайсыларыңыз туралы.

Сіздерге сенімдеріңіз, идеяларыңыз, сын-пікірлеріңіз және шабыт бергендеріңіз үшін алғыс айтамыз. Біз әрдайым алға ұмтылуды жалғастырамыз – қауіпсіз әрі дамытушы білім беру ортасы әрбір бала үшін арман емес, шынайы өмірге айналуы үшін.

Құрметпен және өзгерістерге деген сеніммен,

Гүлнара Салмен

Teach for Qazaqstan ҚҚ
құрылтайшысы және директоры

2024 - 2025 оқу жылындағы
қатысушыларымыз шамамен **3500**
оқушымен тікелей жұмыс жасады.



Бұл сандар – жай ғана статистика емес, бұл – біз бірге жасап жатқан өзгерістер. Әрбір санның артында жанды бейнелер, шынайы оқиғалар, көптеген адамдардың сенімі мен еңбегі тұр.

9

басым ЖОО

350+

серіктес мектептер педагогтері оқытылды

38

вебинарлар қатысушылар мен финалистерге

35

іс-шара

270

қатысушылардың сабаққа қатысуы

1500

тартылған үміткерлер

2

студенттік клуб

50мың

әлеуметтік желідегі жаңа тіркелушілер

>2500

TFQ студенттік клубтарының қамтуында

Бағдарлама басталғалы бері ол жай ғана білім беру бастамасы емес, қатысушылар үшін тұлғалық әрі кәсіби өсудің нағыз алаңына айналды. Дәл осы ортада күрес пен ішкі терең өзгерістердің тарихы дүниеге келді. Бағдарламаға қатысушылар және олардың оқушыларының пікірлеріне қарап, бағдарламаның іргетасына айналған құндылықтардың адам тағдырына қалай әсер ететіндігі айқын дәлел. Олардың сөздері, әр жетістік артында – өзгеруге деген батылдық пен өз-өзіне сенім тұрғанын еске салады.

*«Әр атқарылған жұмыстан кейін «кері байланыс» алу өте маңызды. Менің жұмысымдағы ең «маңызды адамдар» деп балаларды айта аламын. Алайда, балалардан нағыз «кері байланыс» жиі алына берілмейді. Бірақ бір күні көптен күткен кері байланыс маған басқа жолмен – ересек адамнан келді. Өзімді әлсіз, айналамды бұлыңғыр түрде көрінген сәтте дәл осы сөздер мені қайтадан «мұғалімдік» өмірге қайтарып, өзіне деген сенімсіз сезімге жол бермейтін, өзіне-өзі сене алатын мұғалімге айналдырды. Сол кезде мен сыртқы шуды емес, ішкі дауысымды тыңдадым. Алғаш рет айналама емес, өзіме үңілдім. Кемшілігімді емес, өз қадір-қасиетімді көре бастадым. Бұл - менің жеңісім. TFG - менің кәсіби дамуым мен жеке өсуіме әсер еткен жоба. Қордың құндылықтары мен үшін жай ғана жаттап алу керек «ұран» емес, жеке қағидаға айналды. **TFG мен үшін білім көзіне, үлкен мүмкіндіктерге жол ашты, ең бастысы - мені нағыз педагог етті».***

Нұрзада Бақытжан,
бағдарламаның 1-ші лек түлегі



ОҚУШЫ ДАУЫСЫ

«2024 жылы мен 11-сыныпта оқыдым. Басында ҰБТ-ға дүниежүзі тарихы мен құқық негіздерін пәндерін таңдадым. Сол пәндерден дайындалып жүрдім, бірақ ҰБТ-ның екі сынақ тестінен аз балл жинадым, егер осы пәндерді тапсыра берсем, грантқа түсе алмайтынымды түсіндім. Осыдан кейін, оқу жылы аяқталуына бір ай қалғанда, физика мен математиканы таңдадым. Барлық мұғалімнің ішінде мені тек Назира апай қолдады. Бір айдың ішінде ол маған түрлі курстар тауып беріп, дайындады. Солай, бір айда ҰБТ тапсырып, жақсы балл жинап, қалаған мамандығыма грантқа түстім. Осы үшін мен Назира апайға шексіз ризамын».

Мұса,
Токарев тірек мектебі

“Мен қазақ тілі сабағын қатты күтетінмін. Біздің мұғаліміміз Майя Арыстанбекқызы - менің өмірімде кездескен ең жақсы қазақ тілі мұғалімі. Оның әрбір өткізген сабағы қызықты: тақырып түсінікті болуы үшін әртүрлі ойындар ойлап тауып, маңызды тақырыптарды талқылайтынбыз. Оның арқасында мен тілді жай ғана оқымай, шын мәнінде сезіне бастадым. Арамызда бір-біріміздің пікірімізді сыйлап, ашық сөйлеуден қорықпау қалыптасты. Өзіме деген сенімім арта түсті. Мұғалімнің қолдауы қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Teach for Qazaqstan қорының «сапалы білімді баршаға қолжетімді ету» миссиясы маған ерекше жақын болды, өйткені мен оны өз тәжірибемде сезіндім”.

Алиса,
Новодолинка ауылындағы
Новодолин мектебі

ҚАЙТА ҚАРАУ:

МИССИЯ, ҰСТАНЫМ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ ҚАЛАЙ ЖАҒАРДЫ

Біздің ұстанымымыз, миссиямыз және құндылықтарымыздың алғашқы нұсқасы 2022 жылдың күзінде қалыптасты. Ол кезде команда енді ғана құрылып, мақсат және болашақ бағыттар туралы ойландық. Көптеген идеялар абстрактілі болды: әлі қатысушылар да, мектептер де жоқ еді, сондықтан көп нәрсе нақты өмірмен байланыспаған сияқты көрінді.

2023 жылдың жазы бәрін өзгертті. Қатысушылармен бірге Қарағанды облысына барып, мектептермен танысу жұмысын бастадық, жергілікті қауымдастықтардың өмірін көрдік, балалармен, мұғалімдермен, тұрғындармен пікір алмастық. Шынайы қиындықтар және сын-қатерлер бізге не маңызды екенін, айналамыздағы адамдарға шын мәнінде не қажет екенін түсінуге көмектесті. Ұстаным, миссия және құндылықтарды жаңарту қажеттігін түсіндік, неліктен? Біздің бағытымыз өзгергендіктен емес, «өмірлік» тәжірибе басты нәрсені түсінуге және соны дәлірек жеткізуге көмектесгендіктен.

Бүгінде біздің ұстанымымыз, миссиямыз және құндылықтарымыз — командамен бірге өмір сүріп, бірлесе жұмыс істеудің, сондай-ақ сыртқы және ішкі үдерістерді терең түсінудің нәтижесі.





ҰСТАНЫМ

Біз Қазақстандағы әрбір бала өз әлеуетін ашып, өз армандарын жүзеге асыра алады деп сенеміз.

МИССИЯ

Біз баланың әлеуетін жүзеге асыруға және оның өзіне әрі әлемге деген сенімін нығайтуға бағытталған жүйелі өзгерістер енгізетін қауымдастық құрамыз.

TEACH FOR QAZAQSTAN БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТАРЫ

TFQ бағдарламасы үйлесімді білім беру экожүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, мұнда әрбір қатысушы — оқушылар, педагогтер, серіктес мектептердің басқарушы командалары, ата-аналар, қамқоршылар және қор қызметкерлері — оң өзгерістерге өз үлесін қосады.

01. Мақсат

Барлық қатысушылардың **өзін-өзі тану, ойлау жүйесінің дамуы** және **табандылықтың маңыздылығы** туралы хабардарлығын арттыру.

Білім беру қауымдастығының барлық қатысушылары қазіргі әлемдегі табысты тұлғаның негізгі қасиеттері ретінде өзін-өзі танудың, ойлау жүйесі дамуының және табандылықтың терең мәні мен күшін түсінеді.

02. Мақсат

Барлық қатысушылардың өзін-өзі тану, ойлау жүйесінің дамуы және табандылық деңгейін арттыру.

Бағдарлама қатысушылары өзін-өзі талдау және рефлексия дағдыларын мақсатты түрде жетілдіреді, өсу мен мүмкіндіктерге бағытталған ойлау жүйесін дамытады, сондай-ақ сын-қатерлер мен белгісіздік жағдайында ішкі сенімділігін және өміршеңдігін нығайтады.

03. Мақсат

Барлық мүдделі тараптардың өзара теңқұқылы және серіктестік қарым-қатынастарын нығайтуы.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде барлық мүдделі тараптар арасында теңқұқылық, өзара құрмет пен нәтижелі ынтымақтастық қағидаттарына негізделген, әрбір пікір естілетін және әрбір үлес бағаланатын жанды өзара қарым-қатынас экожүйесі қалыптасуы тиіс.

ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



Сенім

Біз әрбір баланың өзіне және өз болашағына сенуіне, ата-аналардың өз балаларына сенуіне, ал мектептің өзгерістерге және өз күшіне сенуіне ұмтыламыз. Әрбір қатысушы өзгерістердің мүмкін екеніне және оны жүзеге асыру өз қолынан келетіндігіне сенімді болуы тиіс



Адалдық

Жүйелі өзгерістер **құндылықтар мен миссияға деген берік сенімді**, ең күрделі шешімдер мен жағдайларда соларды басшылыққа алуды, сондай-ақ **жоғары деңгейде үлес қосуға дайын** болуды талап етеді. Бұл әр адам үшін ешқандай ұйымға қарамастан маңызды болуы тиіс



Ұжымдық көшбасшылық

Қауымдастықтың әрбір мүшесі — өз пікірі бар, толыққанды қатысуға, өз қажеттіліктерін білдіруге және серіктестікте әрекет етуге мүмкін **үдерістің белсенді қатысушысы**. Бір адам жүйелі өзгерістерді жүзеге асыра алмайды, сондықтан ұжымда жұмыс жасау мен әрбір адамның командадағы көшбасшылығы аса маңызды



Инклюзия және әртүрлілік

Тәжірибе мен пікірлердің алуан түрлілігі қауымдастықта шиеленіс тудырмайды, керісінше оны байытады. Әртүрлілігімізді терең құрметтеу, қабылдау және әркімнің әлеуетін жүзеге асыруға жағдай жасау арқылы біз тек белгілі бір топ үшін емес, барлығы үшін қажетті жүйелі өзгерістерге қол жеткізе аламыз



Әділдік

«Теңсіздік» сөзінің антонимі — «әділдік», сондықтан кез келген бизнес-процесіміз әділеттілік қағидаты тұрғысынан қарастырылуы тиіс

ҚОРДЫ БАСҚАРУ ОРҒАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қор әр деңгей өзіне тиесілі жұмыс бөлігін атқаратын төрт деңгейлі басқару жүйесін сақтап қалды. Бұл құрылым қызметтің тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді.

Құрылтайшылардың жалпы жиналысы маңызды шешімдер қабыладантын қордың негізгі басқару органы. Ұйымның стратегиясы мен даму бағыттарын айқындайтын құрылтайшылар – Дулатбек Икбаев, Арман Шоқпаров және Гүлнара Салмен.

Қамқоршылар кеңесі – стратегиялық шешімдерге бірлесіп жауап беретін команда. Кеңестің төрағасы — Дулатбек Икбаев, сондай-ақ құрамында қордың дамуына үлес қосып жүрген Арман Шоқпаров, Тимур Турлов, Йохен Бербнер

және Халида Ажигулова бар. Олардың әрқайсысы Қордың дамуына өз үлесін қосып келеді.

Жедел басқаруды директор Гүлнара Салмен жүзеге асырады. Ол басқарушы органдардың шешімдерін жүзеге асырып, ағымдағы жобаларды үйлестіреді.

Қаржылық ашықтықты қамтамасыз ету үшін Қор жыл сайын тәуелсіз аудиторлармен жұмыс істейді. 2024 жылы аудитті «Baker Tilly» ЖШС жүргізді. Қордың 2024 жылғы қаржылық есептілігі Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарты (ХҚЕС) талаптарына сәйкестігін растап, тәуелсіз аудиторлардың пікірінше, Қордың ағымдағы қаржылық жағдайы толық әрі шынайы көрсетілген.



Дулатбек Икбаев



Гүлнара Салмен



Тимур Турлов



Йохен Бербнер



Халида Ажигулова



Арман Шоқпаров

БАҒДАРЛАМАНЫҢ НОРМАТИВТІК ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК БАЗАСЫ

Teach for Qazaqstan бағдарламасы тұрақты талданып, жаңартылып отыратын сенімді және мұқият тексерілген құжаттар негізінде жұмыс жасайды:

- Бағдарлама қатысушыларына арналған педагогикалық қайта даярлау бойынша білім беру бағдарламасы, серіктес университет – SDU University базасында лицензияланған;
- Бағдарлама аясында тиімді әрекеттестік орнату үшін қатысушыларды даярлау мен дамыту бағдарламасы; Бағдарламаны іске асыруға арналған Қор саясаты: жыныстық қанау, зорлық-зомбылық (ЖҚЗ) немесе кез келген белгі бойынша кемсітушілікке төзбеушілік туралы кешенді саясат; балалардың құқықтарын қорғау саясаты; Қордың этика кодексі; білім беру бағдарламасына қатысты саясат; мүдделер қақтығысының алдын алу саясаты; ақпараттандыру саясатын бұзушылық; қайырымдылық көмек көрсету саясаты;
- Серіктес мектептердің басқару бөлімін (әкімшілік пен негізгі педагогтарды) оқыту бағдарламасы;
- Бағдарламаның тиімділігін өлшеуге арналған логикалық шеңбер;
- Бағдарламаға қатысушыларды мониторингтен өткізу әдістемесі;
- Қатысушыларды іріктеу әдістемесі;
- Жаңа өңірлерге, аудандарға және серіктес мектептерге кіру және оларды картографиялау жүйесі;
- “Айна” зерттеу фестивалінің тұжырымдамасы;
- Қызмет ететін педагогтерге арналған қолдау бағдарламасы;
- Бағдарламаның негізгі мақсаттары бойынша бөлімдер (әрбір ойлау үлгісіне арналған мінез-құлық модельдері);
- Бітіруге қатысушыларды дайындауға арналған кәсіби тректер бойынша оқу бағдарламалары.







БІРГЕ КҮШТІМІЗ:

TEACH FOR ALL ҰЙЫМЫМЕН ЖАҒАНДЫҚ СЕРІКТЕСТІК

Teach for Qazaqstan әлемдік 62 тәуелсіз ұйымды біріктіретін халықаралық Teach For All желісімен ерекше ынтымақтастықтың арқасында белсенді дамып келеді. Жыл сайын біздің команда онлайн және офлайн форматтардағы оқытуларға қатысып, кәсіби біліктіліктерін кеңейтіп, үздік тәжірибелермен тұрақты түрде бөлісуде.

Ерекше кезеңдердің бірі 2025 жылғы 18-22 маусым аралығында Астана қаласында Teach For All ұйымы Қормен бірлесіп ұйымдастырған Global Prospective Partner Immersion іс-шарасы болды. Қазақстан халықаралық тәжірибе алмасу, стратегиялық сессиялар, мемлекеттік органдармен кездесулер, мектептерді және мәдени-тарихи нысандарды аралау алаңына айналды. Камерун, Сальвадор, Индонезия, Мавритания, Маврикий, Руанда, Тәжікстан және басқа да елдердің өкілдері TFQ жұмысының контекстіне терең бойлап, былай деп атап өтті: **«TFQ тәжірибемен ғана бөліспейді, мұнда шынайы әрі терең диалогқа арналған кеңістік жасалады»**. Қатысушылар кәсіби тәжірибе алмасу және бейресми кездесулердің үйлесімді өткізілуі негізінде TFQ құндылықтары мен оның ұйымдық мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік бергенін атап өтті.

«Жаһандық қозғалыстың бір бөлігі ретіндегі жергілікті көшбасшылық» атты панельдік пікірталас ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Freedom Holding Corp.

негізін қалаушысы әрі TFQ-ның негізгі доноры Тимур Турлов қатысты. Бұл пікірталас ортақ миссия жолында күш біріктірудің жарқын үлгісіне айналды.

2025 жылғы маусымда Teach For All желісінің негізін қалаушы әрі бас директоры Венди Копп Қазақстанға келді, оның сапары TFQ-ның алғашқы легінің бітіру рәсіміне сәйкес келді. Ол қатысушыларды екі жылдық Бағдарлама жолын аяқтаумен жеке құттықтап, білім беру теңдігін дамытуға қосқан үлестің маңызын атап өтті: **«Сіздердің педагогикалық инсталляцияларыңыз – бұл тек мереке ғана емес, сонымен қатар бағдарлама құндылықтары, рефлексия және жаңа мүмкіндіктерді үнемі іздеу туралы ойлануға арналған кеңістік. Бұл – TFQ барлық деңгейде өмір сүретін қағидат»**.

Көптеген қатысушылар үшін Венди Коппен кездесу үлкен мотивация көзіне айналып, үлкен өзгерістердің өз-өзіңе деген сенім және жеке ұсыныстардан басталатынын айқын дәлелдеді.

ЖАҢА МАМАНДЫҚҚА ЖОЛ: БІЗ ТАЛАНТТЫ ҚАТЫСУШЫЛАРЫМЫЗДЫ ҚАЛАЙ ІЗДЕЙМІЗ

Жыл сайын Бағдарламаға қатысуға ниет білдірген үміткерлерді бірнеше бөлімнен тұратын конкурс арқылы іріктейміз. Іріктеу барынша объективті, ашық әрі барлық қатысушылар үшін қолайлы болуына ерекше мән береміз. Сондықтан біз білім беру саласының ерекшеліктерін ескеретін, классикалық дербес бағалау тәсілдерімен бейімделген кейстерді үйлестіретін өзіміздің әдістемемізді қолданамыз. Әр кезеңде біз үміткердің тек білімін ғана емес, оның құндылықтарын, қабілеттерін және мінез-құлық ерекшеліктерін де бағалаймыз. Себебі біз үшін ең бастысы адамды толыққанды тұлға ретінде көре білу.

Біздің іріктеу критерийлеріміздің негізінде үздік әлемдік тәжірибе мен Teach For All серіктестік бағдарламаларының тәжірибелері жатыр. Бағалауды бағдарламамен жақсы таныс, сертификатталған ассессорлар жүргізеді. Бұл әрбір үміткердің әлеуетін тереңірек түсінуге және оны іріктеу талаптарымен дәл сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Деректердің қолайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін біз үміткерлерді өтінім беруден бастап іріктеу кезеңінің аяқталуына дейін сүйемелдейтін өз онлайн-платформамызды енгіздік. Сонымен қатар, барлық қатысушылардың тең жағдайда болуын қамтамасыз ету үшін білім беру, HR салаларындағы сарапшылардан және басқа салалардан тәуелсіз бақылаушылардан тұратын конкурстық комиссия құрдық.

Біздің есігіміз барлық адамдар үшін әрдайым ашық:

- Өзінің кәсіби жолын жаңа бастап жатқан жоғары оқу орындарының түлектеріне;
- Қызмет саласын өзгертуді армандайтын және білім беру ісіне үлес қосуды қалайтын тәжірибелі мамандарға;
- Жұмысын жаңа деңгейге көтеруді мақсат ететін педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектеріне.

Осындай әртүрлі құрам бізге болашақ мұғалімдердің мықты әрі ынталы командасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Биыл біз іріктеуді бағалауға жаңа құрал ретінде рөлдік ойын жаттығуын енгіздік. Үміткерлерге өздерін мұғалім рөлінде қабылдап, мектептерде кездесетін шынайы жанжал жағдайларын шешіп көру ұсынылды. Мұндай тәсілдер адамның күрделі жағдайларда қалай әрекет ететінін дәлірек болжауға мүмкіндік береді.

Тағы маңызды жаңалықтардың бірі Қор қызметкерлерін ішкі ассессорлар ретінде даярлау болды. Сарапшылардың қолдауының арқасында команда кеңейіп, үміткерлерді бұрынғыдан да жан-жақты әрі дәл бағалай алатын мүмкіндікке ие болдық. Осының бәрі бізге бірге өсіп, дамуға дайын адамдарды табуға жол ашты.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ 3-ЛЕК КОНКУРС НӘТИЖЕЛЕРІ:

ІРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІНІҢ ВОРОНКАСЫ



2023 жылдан бастап басымдық берілген жоғары оқу орындарында студенттік клубтар жұмыс істейді: TFQ NU Club – Nazarbayev University және TFQ SDU Club – SDU University базаларында. Студенттік клубтар білім беру теңсіздігі мәселесіне назар аудару мақсатында квиздер, қонақтармен дәрістер, кейс-байқаулар және мектеп оқушыларына арналған экскурсиялар ұйымдастырады. Тақырыпты тереңірек түсіну және қатысушылардың дағдыларын дамыту үшін клуб мүшелеріне білім беру теңсіздігі бойынша оқыту сессиялары өткізіледі.

Біздің Бағдарламаға қосылғысы келетін барлық адамдар үшін іріктеу үдерісін ашық әрі түсінікті ету мақсатында оны әлі де жетілдіру үстіндеміз.



WELCOME ON BOARD:

ЖАҢА ҚАТЫСУШЫЛАРЫМЫЗҒА АРНАЛҒАН ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

Осы жылы жаңа қатысушылардың алғашқы қадамдары барынша жайлы әрі нық болуы үшін олардың бейімделуіне ерекше көңіл бөлінді. Финалистерді қолдау тәсілі толығымен жаңартылып, бірқатар пайдалы жаңашылдықтар еңгізілді.

Телефон арқылы сөйлесуге арналған ыңғайлы чек-лист әзірленді, ол болжамалы қиындықтарды бірден анықтап, шешуге көмектеседі. Арнайы сауалнама жаңадан қосылған қатысушыларға қандай қолдау нақты қажет екенін және оларды қандай күмән мазалайтынын білуге мүмкіндік берді.

Алғашқы лектің қатысушыларынан құралған тәлімгерлер - ең тиімді әрі жағымды жаңашылдықтардың бірі. Бұны бадди жүйесі деп атайды. Олар өз тәжірибесімен және кеңестерімен бөлісіп, қолдау көрсетіп, көмек бере отырып, жаңа

көңіл күйді қалыптастырады. Іріктеу форматы мен қабылдау мерзімдерінің өзгеруі финалистерге бағдарламаны түсінуге көбірек мүмкіндік берді. Жаңа қатысушылар Teach for Qazaqstan ұйымының құндылықтары мен миссиясын қызығушылықпен зерттеп, білім беру теңсіздігі мәселелерін ой елегінен өткізіп, біздің көшбасшылық стилімізбен танысуда.

Біз кәсіби даярлықты күшейттік: шақырылған әдіскерлер финалистердің білімін нығайтуға көмектеседі. Биыл қатысушылар біздің қолдауымызбен Педагогтердің білімін бағалау (ПББ) тестін қысқа мерзімде тапсыра алды.

Осындай кешенді әрі қолайлы тәсілдер жаңа қатысушыларға мектептерде өз жұмысын нық сеніммен бастауға мүмкіндік береді деп сенеміз.





ЖҰМЫС ТӘСІЛДЕРІ: ИННОВАЦИЯЛАР, ҚОЛДАУ, ДАМУ

2024 жылдың маусым айында Teach for Qazaqstan командасын оқыту мен қолдау көрсету тәсілін түбегейлі жаңартты. Енді сыртқы жиырма маманның орнына қатысушыларға «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін **үш адамнан тұратын шағын команда қызмет көрсетеді**. Олар оқытуды ұйымдастырады, семинарлар мен вебинарлар өткізеді және әрдайым қолдау көрсетеді.

Сабақтарды бірлесіп жоспарлау күнделікті жұмыстың ажырамас бөлігі. Бұл тек сабақтардың сапасын арттырып қана қоймай, ұжымдық көшбасшылықты да нығайтады. Интеграцияланған іс-шаралар мен арнайы жобалар ұйымның күнделікті тәжірибесіне берік орнығып, жұмыс үдерісінің қалыпты бөлігіне айналды.

Moodle платформасына көшу оқытуды интерактивті әрі қолайлы етті. Енді тесттер, сауалнамалар және кері байланысы бар тапсырмалар қатысушының прогресін бірден көрсетіп, сұраныстарға жедел жауап беруге мүмкіндік береді.

Біздің оқыту бағдарламамыздың негізінде әр баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның жеке тұлға екендігін мойындау және еркіндігін дамыту қағидаттары өзгеріссіз сақталады. Осының бәрі қатысушылар үшін тартымды әрі қызықты болуы үшін офлайн форматтағы жанды семинарлар мен тұрақты вебинарлардың үйлесімі арқылы жүзеге асады.

Ашық әрі түсінікті **рубрикалардың енгізілуі** қызметті бағалауға көмектесіп, **прогресс әр алты ай сайын тексеріледі**. Биыл қатысушылар айтарлықтай даму прогресін көрсетті. Бұрынғыдан да көбірек сабақтар оқушыға бағытталып, академиялық үлгерім деңгейі 65 пен 85 пайыз аралығында болды.

Маңызды жаңашылдықтардың бірі – тьюторлық қолдаудың жаңартылған түрі. Біз қатысушылардың көңіл-күйі мен мотивациясындағы өзгерістерді дер кезінде байқап, қажет сәтте қолдау көрсетеміз. Диагностика (жасыл, сары, қызыл) арқылы тұрақтандыру жоспары жедел әзірленеді.

Семинарлардан кейін қатысушылардың өзгерісін көру – біз үшін үлкен қуаныш. Олар сабақтарды шығармашылықпен жоспарлап, инклюзия қағидаттарын жиірек қолдана бастады, әріптестерімен белсендірек байланыс орнатып, мектеп қауымдастығының толыққанды мүшесіне айналуға.



Тәмамдаларға
қатысуға мүмкіндік
бар.
Есть возможность
участвовать в семинаре.

Түп танытқыш пен
аймақтарды белгілеу
арқылы.

«Тьюторлармен жұмыс істеу жайлылық сезімін тудырады: қиындықтарды әрдайым ашық талқылап, қолдау алу әрқашан мүмкін. Дайындық – 100%!»

ЖАЗҒЫ ИНСТИТУТ - 2024: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

2024 жылдың маусым айында Жазғы институт серіктес мектептерде жұмыс істеуге дайын, бастамашыл әрі белсенді жастарды бір арнаға жинады. Қатысушылар мазмұнды дайындық бағдарламасынан өтті, оның барысында әрбір күн терең талқылаулар мен бірлескен шешімдер іздеумен өтті.

Тақырыптар шынайы қауымдастықты қалыптастыру және педагогикадағы заманауи тәсілдерден бастап, TFQ ұйымының құндылықтары, миссиясы және мәдени коды туралы терең түсініктерді қамтыды.

2024 ЖЫЛҒЫ ЖАЗҒЫ ИНСТИТУТТА:



Институтқа шақырылған сарапшылармен өткен кездесулер ерекше серпін береді.

Мәселен, Илдар Валиуллаев жаңа мүшелерді қосу кезінде командалық синергияның маңызын нақты мысалдармен көрсетсе, педагогика саласының сарапшылары: Нұрлан Иманғалиев, Қайрат Мұқашев, Айтқұл Жандарбекова және Станислав Кауров — қолданыстағы заңнамалардың қыр-сырын түсіндіріп қана қоймай, «нақты» мысалдарды талдап, қатысушыларға практикалық шешімдер әзірлеуге

көмектесті. Ал Айгерім Құсайынқызы шынайы және ашық пікірталасқа арналған кеңістік құрып, білім беру саясатын абстрактілі ұғым болудан гөрі, әр қатысушы өзін ортақ миссияның бір бөлігі ретінде сезінуге көмектесті.

Институтты ерекше пайдалы еткен барлық сарапшыларға шын жүректен алғыс айтамыз. Тәжірибе алмасуды жалғастырып, бірге өсіп-өркендеу үшін алдағы кездесулерді асыға күтеміз!



КӘСІБИ ДАМУ ТРАЕКТОРИЯСЫ - ҚАТЫСУШЫЛАРЫМЫЗДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕР КҮНДЕЛІГІ

Биыл қатысушыларымыз «Кәсіби даму траекториясы» арқылы – әркім өз сабақтары мен сабақтан тыс жетістіктерін, жоспарлары мен негізгі мақсаттарын жазып отыратын күнделік арқылы нағыз жаңалықтар мен өзгерістер жолынан өтті. Бұл құрал дамуды кезең-кезеңімен айқын көрсетіп, мотивацияны жоғалтпауға көмектеседі. Осыдан кейін, әр қатысушы үшін мақсаттар бұрынғыдан да түсінікті әрі жақын бола түсті.

Өзгерістердің тек сөз жүзінде емес, күн сайынғы өмірде де болатынын көрсететін қатысушылардың өздерінің шынайы оқиғалары ең құнды дүние.

Екінші легтің қатысушысы Жолдасханова Балауса былай деп әңгімелейді:

«Оқушылардың сенімі олардың көзқарасын да, мотивациясын да қалай өзгерткенін көрсететін бір жағдаймен бөліскім келеді. Мен - кәсіби бағдар беру маманымын, балаларды байқауларға жиі апарамын. Бірде әкімшілік оқушыға күмәнданып және мектеп киберспортты қолдамайтынын жеткізді. Алайда, мен ол оқушыны қолдау қажеттігіне әкімшілікті сендіре алдым».

Алғашында ол бала команданың қосалқы құрамында болды, бірақ ережелерді қызығушылықпен танысып әрі команданы қолдап отырды. Екінші күні ол ойынға қатысып және команда 2-ші орынға ие болды!

«Сапардан кейін ол мүлдем өзгеріп кетті: белсенділік танытып, алған әсерлерімен бөлісіп, тіпті мектептің жаңа жылдық қойылымына қатысты. Оны сыныптастары да, сынып жетекшісі де байқап: “Оның сапардан кейін өзгергенін” жеткізді».

Өзге де бақылаулар маңызды:

«Жылдың басында сабақта қолданатын ережелерім шынымен жұмыс жасайды ма деген күмәнмен қарадым. Ал үшінші тоқсанға келгенде балалар бір-біріне “бір дауыс” ережесін еске салып, әркімнің пікірін құрметтеуге тырыса бастады. Осы сәтте балалармен өзара әрекеттесу арқылы өзім де тұлға ретінде дамып жатқандығымды сезіндім».

- дейді екінші легтің қатысушысы Марина Каримбаева.

Осылайша жетістіктер күнделігі мен бірлескен тәжірибелер мұғалімдер, оқушылар және бүкіл команда үшін біздің ортаны өсуге, қолдауға және шынайы шабытқа жетелейді.

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Бағдарлама қатысушылары және олардың оқушылары өздерінің жетістіктерімен бізді қуантып келетінін мақтанышпен айта аламыз.

Математика, физика және информатика пәні мұғалімдерінің республикалық шығармашылық байқауының қалалық кезеңінде – 1 орын, облыстық кезеңінде – 2 орын

«Science.Technology. Algorithmization. Programming» атты оқушылардың ғылыми жобаларына арналған Ашқұқ халықаралық байқауда қазылар алқасының мүшесі

Математика, физика және информатика пәндері бойынша олимпиадалық резерв мұғалімдері мен жаттықтырушыларына арналған IMPACT Olympiad халықаралық шығармашылық байқауында – қола медаль

Жас мұғалімдерге арналған облыстық “Жас-STAR” олимпиадасына, информатика пәні мұғалімдері арасындағы “Uzdik ITUstaz” турниріне және AlgoBatur спорттық бағдарлау чемпионатына қатысу

“Ләззат Байышқызы атындағы “Үздік идеялар” байқауының жеңімпазы – қалалық кезеңінің гран-при иегері”

«Web-мастер» жобасы аясында өткен “Веб-сайт жасау” облыстық байқауында – 2 орын

“Дарынды балаларға – дарынды мұғалім” байқауының қалалық кезеңінде – 2 орын (2 қатысушы)

“Әлихан Бөкейхан – ұлт тұлғасы” атты қалалық ғылыми конференциясында – 2 орын

“Жыр Жалын” байқауы “Қаламгер” номинациясының қалалық кезеңінде – 2 орын

Орыс тілі пәнінің мұғалімі – “Табыс симфониясы” облыстық байқауының финалисті

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІГІ

«Алтын сақа» математика олимпиадасында – 3 орын

Қалалық «RoboLego 2025» робототехника турнирінде – 3 орын

Аудандық математика пәні олимпиадасында – 3 орын

«Жарық болашақ» жобасының «Жазушы», «Әбіш оқулары» бағыты бойынша қатысушылар

Ілияс Жансүгіров оқуларында – 2 орын

Грантқа түсуге жеткілікті ҰБТ нәтижелері

Әлем тарихы пәні бойынша облыстық олимпиадасында – 1 орын

«Туған жерге қамқорлық» экологиялық жобалар байқауында – 3 орын

Орыс тілі пәні бойынша облыстық олимпиадасында – 2 орын



ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛАРЫ

2024 жылы біздің қатысушылар мен серіктестер өңір мектептерінің білім беру ортасын айтарлықтай байытқан көптеген жарқын жобаларды жүзеге асырды. Барлық бастамалар оқушылардың әлеуетін дамытуға және қолайлы, достық атмосфера қалыптастыруға бағытталды. Серіктестер жаңа мүмкіндіктер ұсынды: Парламент және Назарбаев Университетіне сапарлар, Nobel Fest фестиваліне және Астанада өткен ICPC World Finals халықаралық олимпиадасына қатысу.

Заманауи білім беру тәжірибелері Новодолинск, Ғабиден Мұстафин және Жаңа Узинка сияқты шағын елді-мекендердің өзінде де енгізілді: мұнда “Мидраш” кафесінде кездесулер, оқушылармен подкасттар және мұғалімдерге арналған семинарлар өтті. Бұл бастамалар балаларға тек білім алуға ғана емес, сонымен бірге маңызды өмірлік дағдыларды қалыптастыруға, сыни ойлауын дамытуға және жылдам өзгеретін әлемде белсеңді азамат болуға көмектеседі.

Жүзеге асырылған жобалар:

- Шахтинск және Новодолинск ауылындағы мектептердегі “Антибуллинг”;
- Новодолинск және Ғабиден Мұстафин ауылдарындағы “Мидраш” кафесі;
- М. Жүсіп (Жаңа Узенка) атындағы мектептегі оқушылармен өткізілген подкасттар;
- Қарағанды Медицина университетімен бірлескен мұғалімдер семинарлары (Жаңа Узенкадағы М. Жүсіп атындағы мектепте);
- PBL сабақтары және «Сенің досың» атты үйсіз жануарлар туралы көрмелер (Қ. Сәтбаев және Н. Абдиров атындағы мектептер, Абай қ.);
- Ұрпақтар сабақтастығын көздеген «Ізгілік хаттары» жобасы;
- Оқушыларды қызықтыру мақсатында астрономды шақыру;
- Кітапханаға арналған «Мектепке кітап» кітап жинау акциясы (Абай қ.);
- «Түлектер аллеясын» отырғызу (Новодолинск ауылы).

Серіктестердің арнайы жобалары:

- Қордың құрылтайшысы Дулатбек Иқбаевтың сапары және жоғары сынып оқушыларына арналған дәрістері;
- Білім беру саласы қызметкерлері мен мектеп директорларының Nobel Fest іс-шарасына қатысуы;
- Make Mектер ұйымдастырған бірегейлікті зерттеу бойынша воркшоптар (Абай қ.);
- Парламентке және Назарбаев Университетіне кәсіби бағдар беру сапарлары;
- Жасанды интеллект көрмесіне сапар (Astana IT University);
- ICPC World Finals чемпионатына қатысу және шеберлік-класстар;
- HOPE ІВ-мектептер фестиваліне қатысу;
- «SAQ» қауіпсіздік жобасы (Новодолинск).

ЖҰМСАҚ ӨЗГЕРІС КЕЙСТЕРІ

«Жыл басында тұйық болып келіп, сыбырлап сөйлеп, сабаққа қатыспаған қыз бала қазір ашылып, белсенділік танытып, сабақта қол көтеріп жауап беретін болды».

«Сынып оқушылары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға түсіністікпен қарай бастады».

«Сынып бұрынғыдан да тату, ұйымшыл әрі ашық бола түсті».

«Менің сабақтарымда балалар бір-біріне ережелерді еске салуды үйренді: бір дауыс, өзара құрмет, сыныптан тыс бір адам».

Бағдарлама қатысушылары Steam.kz ұйымының **Creativity and Science** жобасы, Pedsovet.kz платформасы, мұғалімдерге арналған тамыз конференциясы және тиімді оқыту әдістері бойынша семинарлар сияқты түрлі алаңдарда өз тәжірибесімен, білімімен бөлісіп, белсенді түрде қатысады. Олардың баяндамалары әрдайым достық атмосферасын қалыптастырып, идея алмасуға және әріптестердің кәсіби дамуына ықпал етеді.





ӨЗАРА ЫҚПАЛ ЕТУ СИҚЫРЫ: БАЛАЛАР БІЗДІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ

Балалармен өткізілген әр күн жаңа жаңалықтар мен бірлескен дамуды көрсетеді. Teach for Qazaqstan педагогтері үшін сыныптағы жұмыс жеке өзгерістердің бастауы болды. *«Бұл оқу жылы - мен үшін жаңа жаңалықтарға толы кезең. Машһүр Жүсіп атындағы мектепте біз тек білім берумен ғана шектелмей, әр баланың болмысын көріп, оны тыңдауды да үйрендік»*, - деп бөліседі мұғалімдердің бірі.

Мектеп - бұл динамика мен шығармашылыққа толы кеңістік: зорлықсыз қарым-қатынас, қыздарға арналған «Балалар жүрегінің үні» кездесулері, үш тілде жазылған авторлық ертегілер, бірлескен кино көрсетілімдері және маңызды тақырыптарды талқылау. Мұның бәрі оқу жылын жанды диалогқа айналдырды.

Бағдарлама қатысушылары инклюзивтегі жетістіктерді де атап өтті: *«Ең үлкен жеңіс, ол - ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың дауысы. Олар өз ойларын ашық айтып, өздерін ренжітуге жол бермейді. Мен мұны басты жетістік деп санаймын»*.

Мамыр айында рефлексия сабақтары өтті, онда балалар біздің қатысушылармен бірлескен жұмыс тәжірибелері туралы өз әсерлерімен бөлісті. Олардың пікірлері:

« Сіздің әдістеріңіз бен сөздеріңіздің арқасында мен бәріне түсіністікпен әрі мейіріммен қарауды үйрендім. Мені түсіне білгеніңізге және әрдайым іс-шараларға шақырып жүргеніңізге рахмет ».

« Сіз ойлап тапқан ережелер тәртіпті сақтауға көмектесті және достасуды үйретті. Басында түсінбеген едім, бірақ енді түсіндім ».

« Сіз бізге тек пәнді үйретіп қана қоймай, мәселелерді қалай шешу керектігін, барлық нәрсеге мейірім мен құрметпен қарау секілді өмірлік тәжірибені де үйреттіңіз ».

« Жайлы атмосфера, креативті сабақтар. Ал география пәні басқа пәндердің арасында таза ауаның бір жұтымындай болды ».

Қорға pro bono қолдау көрсеткен ұйымдарға алғыс білдіреміз:

McKinsey & Kazakhstan

— қордың стратегиялық дамуына бағытталған зияткерлік волонтерлік үшін.

McKinsey
& Company

Dos community

— қор қызметінің түрлі бағыттарындағы зияткерлік волонтерлік үшін.

DOS
ПОМОГЕМ ПОМОГАТЬ







СЕРІКТЕСТЕРГЕ АРНАЛҒАН НОМИНАЦИЯЛАР:

ТҒО ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСТІ МОЙЫНДАУ

2025 жылы Teach for Qazaqstan алғаш рет пікірлес серіктестерге арналған арнайы номинацияларды тағайындады — бағдарламаның іске қосылған сәтінен бастап бізбен pro bono негізде жұмыс істеп, команданы жүйелі түрде қолдап, қордың қалыптасуына елеулі үлес қосқан жандарға. Бұл адамдар мен ұйымдар бағдарламаның берік іргетасын қалауға көмектесті, ал олардың кәсібилігі мен іске деген адалдығы біздің табыс тарихымыздың ажырамас бөлігіне айналды.

«КӘСІБИ ЖАНАШЫР»

– өзгерістердің бастауында тұрған адамдардың әл-ауқатына көрсеткен жанашырлығы, қолдауы мен қамқорлығы үшін - **Ильдар Валиулов**, даму мектебінің негізін қалаушы, психолог, адам дамуы саласының сарапшысы.

«КӘСІБИ ЖАНАШЫР»

– қатысушыларды оқытуы, олардың құқықтарын қорғауы және құқықтық сауаттылығын арттыруға қосқан үлесі үшін - **Әйгерім Құсайынқызы**, МжЖБ (мемлекеттік басқару) бойынша PhD доктор, гендерлік экономика саласының зерттеушісі.

«КӘСІБИ ЖАНАШЫР»

– Қордың имиджін қалыптастыруға қосқан үлесі, сондай-ақ әлемді өзгертетін жандардың үнін күшейте білу шеберлігі үшін - **Айнұр Умаева**, «Tidam» коммуникациялар агенттігінің иесі және бас директоры.

«КӘСІБИ ЖАНАШЫР»

– қатысушыларды оқытуы, олардың құқықтарын қорғауы және құқықтық сауаттылығын арттыруға қосқан үлесі үшін - **Халида Ажигулова**, заңгер-социолог, Ұлыбританиядағы Лестер университетінің Заң докторы (PhD).

«КӘСІБИ ЖАНАШЫР»

– қатысушыларды оқытуы мен шабыттандыруы, сондай-ақ болашақ өзгеріс көшбасшыларын қалыптастыруға қосқан үлесі үшін - **Ескендір Бестай**, педагог-тренер, Ustart жобасының негізін қалаушы.

«СЕНІМДІ СЕРІКТЕС»

– барлық балалар үшін қолжетімді әрі сапалы білім беру идеясындағы батылдығы, жаңашылдығы және адалдығы үшін — **Қарағанды облысының білім басқармасы**.

«СЕНІМДІ СЕРІКТЕС»

– қолдауы, өсуге мүмкіндік беретін орта қалыптастырғаны және әрбір қатысушыға көрсеткен ықыласы үшін — **Қарағанды қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі**.

«ЖАНАШЫР ТҰЛҒА»

– Teach for Qazaqstan бағдарламасының қалыптасуына қосқан елеулі үлесі үшін - **Құралай Жарқымбаева**, қордың «Зерттеу және даму» бағытының директоры.

«ЖАНАШЫР ТҰЛҒА»

– Teach for Qazaqstan бағдарламасының негізін қалағаны үшін - **Гүлнұр Жасекенова**, қордың «Рекрутинг, іріктеу және маркетинг» бағытының директоры.



АЛҒАШҚЫ ЖАРҚЫН ЖОЛ: TFQ АЛҒАШҚЫ ЛЕГІНІҢ ТҮЛЕКТЕРІН ШЫҒАРУ

2025 жылдың маусым айы Teach for Qazaqstan командасы үшін ерекше кезең болды. Дәл осы айда **алғашқы бітіру рәсімі** өтті: 22 қатысушы өздерінің кәсіби міндеттерін жаңаша қалыптастырып, көптеген балалардың өмірін өзгерткен бағдарламадағы жарқын жолын аяқтады.

Бағдарламаның екінші жылы нағыз жаңалық ашу мен есу марафонына айналды. Біз бірге **8 мазмұнды семинар өткіздік, 32 сабаққа қатыстық, 70-тен астам бірлескен жоспарлау сессиясын жүзеге асырдық**, жанды рефлексиямен **15-тен астам вебинар ұйымдастырдық** және әр қатысушы қолдау алған **200 жеке коучинг-сессия өткіздік**.

Teach for Qazaqstan бағдарламасындағы финалдық кезең — бұл **кәсіби бағыттың басталу нүктесі**. Бұл жай ғана оқу емес, өзін-өзі тану, тәжірибені ұғыну және келесі қадамға дайындалу кеңістігі. Біз Teach For All жаһандық желісінің тәжірибесінен шабыт алдық, мұнда түлектердің 80%-ы білім беру немесе әлеуметтік салада жұмысын жалғастырады.

Қатысушыларға **дамудың төрт траекториясын ұсындық**:



Ұстаздық

мектепте өздерін жетілдіре білгендер үшін.



Қоғамдық қозғалыстар

қоғамды өзгертікісі келгендер үшін.



Зерттеу

педагогикалық ғылымды дамытуға ұмтылатындар үшін.



Білім беру менеджменті

өз саласының болашақ көшбасшылары үшін.

Әр бағыт — жай ғана **сегіз айлық курс** емес, «Мен әлемді әрі қарай қалай өзгерткім келеді?» деген сұраққа терең ойлануға берілген нағыз мүмкіндік. Біз үшін дәл осы бағдарламадан кейін нағыз көшбасшылық жолы басталады: шабыттанған, идеяларға толы Teach for Qazaqstan түлектері өз айналасындағы әлемді өзгертеді.





COLLECTIVE
IN
TEACH FOR
QAZAQSTAN





TEACH FOR
QAZAQSTAN



FREEDOM
HOLDING CORP.

LEADERSHIP
OR DIVERSITY
STAN





СЕРІКТЕСТІКТЕГІ ПАЙЫМДАР: ЭКОЖҮЙЕЛІК ТӘСІЛ ЖӘНЕ ҰЖЫМДЫҚ КӨШБАСШЫЛЫҚ

2024 жылдың жазы белсенді өзгерістер кезеңіне айналды. Біз балалар, директор, оқу ісі орынбасарлары және мұғалімдерден кері байланыс алдық.

Бақылай отырып және пікірлесе келе байқағанмыз: алғашқы жылы қатысушыларды қолдадық, бірақ оны бірге емес, сырттай жасадық. «Жайлы жағдай жасайық» деген принципке сүйендік, алайда шынайы өзгерістер үшін бұл жеткіліксіз болып шықты. Біз бір нәрсені терең түсіндік: *қауымдастық тек фон ғана емес, процестегі тең құқылы ойыншы болуы*

тиіс. Осы ой біздің жаңа бастамамыздың өзегіне айналды. Біз экожүйелік тәсілге көштік. Бұл тәсілде **әр адам** — ата-ана, мұғалім, директор немесе бала болсын өз өзгерістерінің авторына айналуы тиіс. Дәл осы өзгерістерден бастап жергілікті деңгейдегі жұмысымыздың жаңа тарауы басталды.





СЕРІКТЕС МЕКТЕПТЕР ПЕДАГОГТЕРІМЕН ЖҰМЫС: МАҒЫНАЛЫҚ КӨКЖИЕКТЕРДІ КЕҢЕЙТУ

Жыл бойы біз педагогикалық ұжымдармен байланысты нығайтуға және серіктес мектептердің басқарушылық әлеуетін дамытуға көңіл бөлдік.

2024 жылдың күзінде серіктес 7 мектептің 350-ден астам педагогтеріне арналған бастапқы тренинг сериясын ұйымдастырдық. Илдар Валлиулов пен Ерлан Мустафин жүргізген бұл кездесулер жай ғана оқыту сессиялары емес, білім берудегі қазіргі сын-қатерлер, бала жанындағы ересектің рөлі және әр педагогтің жеке жауапкершілігі туралы

терең ойлануға мүмкіндік берген алаңға айналды. Осы кездесулерден кейін мұғалімдер бөлмелері қайта жанданып, шынайы пікір алмасуларға толы ортаға айналды. Педагогтер өз жұмыстарына аздаған маңызды өзгерістерді өз бастамаларымен енгізе бастады. Бұл – ұжымдық дамудың ерекше көрінісі.

БАСҚАРУШЫЛЫҚ КОМАНДАЛАРМЕН ЖҰМЫС: БІРЕГЕЙЛІК, ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ДАМУ

Ынтымақтастықтың екінші жылында біздің жұмысымыз жаңа деңгейге көтерілді: мектеп директорлары мен олардың орынбасарларына арналған бір реттік тренингтерден жүйелі түрде көшбасшылық құзыреттерді дамытуға және ұзақ мерзімді стратегиялық серіктестіктер құруға көштік. Басты назарда — үш негізгі бағыт:

- **Стратегиялық көзқарас**
- **Жеке көшбасшылық**
- **Ынтымақтастық мәдениеті**

1.

Стратегиялық көзқарас:

әкімшілік мектепті жанды жүйе ретінде қарап, стратегиялық ойлауды дамытуды үйренеді.

2.

Жеке көшбасшылық:

көшбасшылық ұстанымының саналы түрде қалыптасуын және әр мектептің ерекшелігін қолдаймыз.

3.

Ынтымақтастық мәдениеті:

командалық ойлауды және білім беру процесіне қатысушылар арасында, мұғалімдер мен ата-аналардан бастап оқушылар мен жергілікті серіктестерге дейін көлденең өзара әрекеттесуді енгіземіз.

Әр кездесу - үйреншікті нәрселерге қайта қарап, өз рөліңе жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік. Қатысушылардың пікірі:

«Біз көбіне сыртқы факторларға назар аударамыз. Ал кейде өзіміздің ішкі жандүниемізге назар аударуымыз керек. Өзгерісті өзіңнен бастау қажет».

«Осы кездесулерде маңызды дүниелер туралы ойлай бастаймыз. Себебі, қарбаластан тынығып, жүргірісті тоқтатуға мүмкіндік туады».

Кешенді тәсіл басшылықта сенімділік пен болашаққа айқын бағдар қалыптастырады. Сенім атмосферасында басқарушылар бір-бірін қолдап, бүкіл мектеп экожүйесін — оқушыларды, ата-аналарды, жергілікті қауымдастықты — ортақ ілгерілеу қозғалысына жұмылдырады.







ШАБЫТ АЛАҢЫ: МЕКТЕПТЕ ПЕДАГОГТЕРДІ ҚОЛДАУ

Биылғы жылы Teach for Qazaqstan мұғалімдермен әрекеттесудің жаңа деңгейіне өтті. Біз кәсіби қиындықтар педагогтердің эмоционалдық жағдайына және балаларға әсер ететінін байқадық.

Серіктес мектептердің мұғалімдері бізден: «Сіздің бағдарламаңыздың қатысушылары сияқты қолдау алуға мүмкіндік бар ма?»- деп жиі сұрайды. Дәл осы сұрақ арқылы осы оқу жылынан бастап, педагогтерді қолдауға арналған арнайы курс пилоттық жобасының идеясы туындады.

Осыдан кейін әр мектептен 2-7 мұғалім қосылып, әрбір қатысушының дамуына жан-жақты инвестиция жасауға мүмкіндік туды. Алайда...

... баланың әл-ауқатына тек жеке мұғалім ғана емес, мектептегі бүкіл ересектер ортасы әсер етеді.

Мұғалімдерге шын мәнінде не маңызды екенін түсіну үшін біз фокус-топтық дискуссиялар мен тереңдетілген сұхбаттар жүргіздік. Педагогтер көтерген мәселелер **үш негізгі бағытта**: кәсіби, жеке, әлеуметтік қажеттіліктер.

Осы талдау негізінде біз қордың барынша жоғары сараптамалық әлеуетін қамтыған төрт айлық бағдарлама әзірледік.

Біздің негізгі тақырыптарымыз:

- кәсіби күйзеліс пен энергияның төмендеуі
- жеке шекаралар мен дербестік сезіміндегі қиындықтар
- әріптестермен, басшылықпен және ата-аналармен коммуникациядағы сенімсіздік
- жүйесіз курстар ағынында жоғалып кетпей, өз даму траекториясын іздеп, саналы түрде өз жолыңа ұмтылу

Осыған орай, баршаға таныс WhatsApp арқылы қолдау қауымдастығын құрдық. Ай сайын жеке тақырыпқа арнап, белсенді талқылаулар жүргізіп, онлайн-шәй ішу мен сарапшылармен кездесулер ұйымдастырдық.

Бұған қоса, демалып, ой түйге арналған офлайн форматтағы «саналы сенбі күндері» жаңа кеңістік пайда болды. Бұл жерде маңызды мәселелер талқыланып, дене жаттығулары жасалып, еркін түрде пікір алмасуға болады.

Биыл біздің қауымдастық жұмысына 37 мұғалім қатысты. Олар жоба туралы төмендегідей пікір білдірді:

«Бұл жер өте қауіпсіз. Мұнда сені түсініп, ізіңе түспейді. Кінәлі сезімімен де жұмыс істеуге болады».

Көптеген педагогтер үшін бұл бағдарлама эмоционалдық қолдаудың нүктесіне, жаңа кәсіби серпіліске және өзін еркін сезінетін қауіпсіз кеңістікке айналды.

Біз мұғалімдерді қолдау арқылы, балаларымыздың болашағына жасалған үлкен инвестиция екендігіне сенеміз.





ӨЗАРА ТҮСІНІСТІКТІҢ АЙНАСЫ: «АЙНА» ФЕСТИВАЛІ БАРЛЫҒЫН ҚАЛАЙ БІРІКТІРЕДІ

Биыл біз жаңа жобаны жүзеге асырып қана қойған жоқпыз, **«Айна» отбасылық фестивалі** арқылы бағдарламалық жұмыстың мүлдем жаңа кезеңін аштық. Бұл шара біздің басты міндеттеріміз: саналылық, жеке бірегейлік, сондай-ақ білім беру үдерісінің барлық қатысушылары арасындағы достық пен теңдіктің тоғысқан бірегей кеңістігіне айналды.

Біз жай ғана іс-шара емес, қайта оралатын жанды кеңістік құруды мақсат еттік. Мұнда балалар, ата-аналар және мұғалімдер бір-бірін шынайы мұқият тыңдап, үзіліп қалған байланысты қалпына келтіруге мүмкіндік алады. Бірлескен жаңалықтар, жаңа мәндер, ұрпақтар диалогынан тұратын «Айна» өзін-

өзі танудың нағыз зертханасына айналды. Фестиваль қонақтарына бұл күн өткен мен болашақты, ортақ жолды сезіндіретін ерекше күй сыйлады: *«Мұнда үлкен дүниенің бір бөлігі екеніңді сезіну қаншалықты маңызды екенін түсініп әрі фестиваль барлығын жақындастыра түседі!»*

«Айна» фестивалінің өзегі — бес тақырыптық кеңістік-станциялары:

.01.

Сезім

эмоциялық интеллект аймағы, мұнда сезімдер мен уайымдарды ашық айтуға мүмкіндік беріледі.

.02.

Тамыр

бұл станцияда отбасылар өз дәстүрлерін зерттеп, түп-тамырларын және отбасылық тарихын іздестіреді.

.03.

Супер күш

(менің мықты қабілетім)

қатысушылар осы кеңістікте өз таланттары мен ішкі ресурстарымен бөліседі.

.04.

Біз

айырмашылықтар мен ұқсастықтар арқылы өзіңді тұтас қоғамның бір бөлігі ретінде сезінуді күшейтетін кеңістік және қауымдастықтың күшін түсінуге мүмкіндік береді.

.05.

Өзгеріс

әр адамның өз ортасына қалай әсері болса, дәл солай отбасымыздың, мектебіміздің, қаламыздың, еліміздің бізге қалай ықпал ететіні туралы ойлануға арналған станция.

Әр тақырыптық кеңістік-станцияларында шынайы әрі белсенді жұмыстар: жеке, топтық және жұптық практикалар ашық әңгімелерге, жаңа түсініктерге және сенімді қайта қалпына келтіруге ұласты. Ең құндысы - фестиваль отбасыларға өзара қарым-қатынасты нығайтуға мүмкіндік берген шынайы ортаға айналды. Қатысушылардың бірі: «Бүгін баламмен мектепте өткен фестивальге қатыстық... Әсіресе «Тамыр» станциясы қатты ұнады. Мұнда біз отбасы

шежіресін салып, әжелер мен аталарды еске алып, есімдердің тарихымен таныстық. Бұл шынайы болып және ең маңызды нәрселер туралы ойлануға мүмкіндік берген бақытты сәтке толы күн болды».

2025 жылы фестиваль үш мектепте өтті: Новодолинскіде (70 қатысушы), Шахтинскіде (150 қатысушы) және Ғабиден Мұстафин ауылында (50 қатысушы).



КОЛЛЕДЖДЕН МЕКТЕПКЕ: МАҒЫНА МЕН СЕНІМ ЖОЛЫ

Мектептің алғашқы қоңырауы соғылмастан бұрын сабақтар болашақ мұғалімдерді даярлаудан басталады. Биыл біз тек педагогика мамандығын таңдаған студенттермен жұмыс істей бастадық. Қарағанды облысының Білім басқармасымен орнаған сенім мен әріптестіктің арқасында Қарағанды жоғары педагогикалық колледжімен серіктестік орнаттық.

Колледждің білім беру ортасын терең зерттей келе:

- оқу бағдарламаларына диагностика жүргізіп, даму нүктесін анықтадық;
- студенттер өз ойларын ашық бөлісе алатын фокус-топтар сериясын іске қостық.

Диалог барысында бір маңызды жайт айқындалды: жас мамандардың қорқыныштары көбіне оқу процесімен емес, адами қарым-қатынастармен байланысты.

Ең күрделі тұсы академиялық тапсырмалар емес, балалармен, ата-аналармен және әріптестермен коммуникация орнату.

Мұғалімдік кәсіпті танымал әрі түсінікті ету арқылы жаңа педагогтерді қолдауға және бұл кедергілерді еңсеруге көмектесуге ниеттіміз.







ERG МЕКТЕП ЖОБАСЫ:

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕКТЕПТЕР ҮШІН ҚАУІПСІЗ ӘРІ ШАБЫТТАНДЫРАТЫН БОЛАШАҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Биыл біз өз білім беру бастамаларын кеңейту бағытында маңызды қадам жасап, ERG компаниясымен серіктестікте **ERG Мектеп жобасын** іске қостық.

Бұл бағдарлама **қауіпсіздік, оқушылардың белсенді қатысуы мен саналы дамуы білім беру** үдерісінің негізіне айналатын жаңа форматтағы мектептерді құруға бағытталған.

Пилоттық жоба 1 жылға есептеліп, ERG тобының өндірістік объектілері орналасқан үш мектепті қамтиды:

- Павлодар облысы Ақсу қаласындағы «Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі» КММ
- Қостанай облысы Рудный қаласындағы «№2 гимназия» КММ
- Ақтөбе облысы Хромтау қаласындағы «№5 Хромтау гимназиясы» КММ


2025 жылдың қыркүйегінен бастап білім беру үдерісіне заманауи әдістерді енгізуді бастайтын жобаға арнайы іріктелген 9 мұғалім қатысады.

Қауіпсіз орта негізгі бағыттардың біріне айналды: қауіпсіздік саясаттары енгізілуде, оқушылар мен педагогтерге арналған тренингтер өткізілуде, кез келген жағдайға әрекет ету хаттамалары әзірленетін болады. Мұндай тәсіл сенім мен тыныштық атмосферасын қалыптастыруға көмектеседі.

Маңызды құрамдас бөліктердің бірі – **позитивті тәртіпті енгізу**, соның арқасында біз оқушылардың жауапкершілігі мен дербестігін дамытуға көмектесеміз.

Оқу үдерісі нақты тапсырмалармен жұмыс істеу арқылы құрылатын болады. Оқушылар компания үшін қызықты болатын шағын кейстерді шешуде өз күштерін сынап көреді. Бұл балаларға пәнаралық байланыс пен жобалық ойлау дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді, ал бұл шынайы өмірлік сын-қатерлерге дайындалу үшін маңызды..





ШАБЫТТЫ БАСТАМАЛАР:

ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ ІЛГЕРІЛЕТУГЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

Осы жылы Қор командасы білім, инклюзивтілік және әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын насихаттай отырып, маңызды жобаларға қатысты. Әрбір жоба бізге Қордың миссиясын жаңа аудиторияға таныстыруға және ортақ көзқарастағы адамдарды біріктіруге мүмкіндік берді.

Бұл бастамалар біздің құндылықтарымыздың көрінісі ғана емес, жаңа серіктестіктер мен шабыттандыратын кездесулерге жол ашқан алаң болды. Қор миссиясын қолдаған және жанымыздан табылған барлық жандарға алғыс айтамыз.



RUN FOR AUTISM:

ИНКЛЮЗИВТІЛІКТІ ҚОЛДАҒАН
ЖҮГІРІС

Аутизмі бар балаларға қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылған қайырымдылық жүгіру шарасына да қатыстық. Қатысушылар ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың маңыздылығына назар аударту үшін оқушыларының атынан жарысқа шықты.



TEDX ASTANA:

ЭКО-БҰРЫШ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫ
ТАҚЫРЫПТАРҒА АРНАЛҒАН ПОДКАСТ

Біз эко-бұрыш ұйымдастырып, қонақтарды бағдарламаларымызбен таныстырдық. Әр қонақ аймақтарда балалармен жұмыс істейтін қатысушыларымыздың

фотосуреттерін естелікке алды. Басты оқиға – осалдықтың маңыздылығы туралы ашық подкаст болды, ол қонақтарды шынайы әңгімеге тартты.



ALMATY MARATHON:

ӘРБІР ҚАДАМ - БІЛІМГЕ ДЕГЕН ҚОЛДАУ

Марафон кезінде Бағдарламаға қатысушы мұғалім Абай Сибенбай туралы қысқаметражды фильм түсірдік. Спорт қалай оқушыларды шабыттандыратыны туралы мұғалім: «*Summer Run-ға алғаш қатысқаннан кейін спортқа ғашық болдым.*

Балаларға да спортпен айналысу қалыпты нәрсе екенін көрсеткім келеді». Қор командасы сондай-ақ Summer Relay эстафетасына қатысты, онда бір сапта Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, Қор достары және Бағдарлама қатысушылары бірге жүгірді.

НӘТИЖЕГЕ БІРГЕ:

ЖҰМЫСЫМЫЗДЫ ҚАЛАЙ БАҒАЛАП, ЖЕТІЛДІРЕМІЗ

Биылғы жылы «далалық зерттеуде» жұмыс жасай отырып, біз командамыз бен серіктестеріміздің алдында тұрған сын-қатерлерді тереңірек түсіндік. Бұл өз кезегінде тиімді шешімдер табуға жол ашты. Біз өзгерістер теориясын сипаттап, Қор қызметінің логикалық негіздемелік құрылымын әзірледік. Бұл бізге мақсаттарды нақты тұжырымдауға және негізгі бағыттар — ойлаудың кеңеюі, өзін-өзі тану және орнықтылық бойынша ілгерілеуімізді өлшеуге мүмкіндік берді. Ашық әрі әділ бағалау үшін біз арнайы рубрикаторлар жасадық. Олар

қатысушылардың жас ерекшеліктерін, жеке сипаттарын және әр мақсатқа сәйкес мінез-құлық көрсеткіштерін ескереді. Рубрикаторлар көпсатылы тексеруден өтіп, мониторинг, бағалау және оқыту жұмыстарының негізіне айналады. Бұл нәтиже ғана емес, жобаларды барлық қатысушылардың игілігі үшін үздіксіз жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мониторинг пен бағалау - серіктестеріміз және бенефициарларымызбен бірге үйренудің және дамудың тәсілі.


ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП:

АДАЛДЫҚ ПЕН АШЫҚТЫҚ

Қаржылық есептегі ашықтық — біздің жұмысымыздың басты қағидаты. Есептік кезеңде Қор тұрақты дамып, алынған ресурстарды тиімді пайдаланды. Негізгі қаржылық көрсеткіштер біздің қызметіміздің ауқымын және жұмыстың тиімділігін айқын көрсетеді.

Көрсеткіш (мың.теңге)	2022	2023	2024	2025, 1-шілдеге дейін
Бастапқы қалдық	0	145 112	219 794	329 887
Кезең ішіндегі түсімдер	167 620	454 650	602 125	141 356
Жалпы қолда бар қаражат	167 620	599 762	821 919	471 242
Кезең ішіндегі шығыстар сомасы	22 508	379 968	492 033	280 585
Есептік кезеңнің соңындағы қалдық	145 112	219 794	329 887	190 657

ТҮСІМДЕР ҚҰРЫЛЫМЫ



Ұсынылған диаграммалар 2022-2024 жылдар аралығында, сондай-ақ 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында әртүрлі донорлардың үлес динамикасын көрсетеді. Мұндай визуализация қаржыландыру құрылымындағы өзгерістерді жедел бақылауға және үрдістерге дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік береді.

Барлық түсімдер ұйым жарғысыныда көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталады: бекітілген бюджетке сәйкес бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыруға жұмсалады. Біздің басым бағытымыз — бағдарламалық қызмет. Әкімшілік шығындар барынша қысқартылған, бұл Қордың коммерциялық емес сектордағы үздік басқару тәжірибелеріне адалдығын растайды.

ШЫҒЫНДАР ҚҰРЫЛЫМЫН САЛЫСТЫРУ



Біз сеніп тапсырылған қаражатты пайдалануда барынша ашық болуға ұмтыламыз және барлық мүдделі тараптармен диалогқа ашықпыз. Қордың 2024 жылға арналған қаржылық есептілігіне аудит «Baker Tilly» компаниясы тарапынан халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілді. Тәуелсіз аудитор растаған қаржылық есептілік Қордың сайтында жарияланған.

Қазақстандағы білім беру теңсіздігін азайту жөніндегі миссиямызды жүзеге асыруға көрсеткен сенімдері мен қолдаулары үшін барлық серіктестер мен донорларға алғыс білдіреміз.

Біз Қазақстандағы әрбір баланың өз әлеуетін ашып, армандарын жүзеге асыра алатынына сенеміз.





ТАБЫСҚА БІРГЕ: TFQ КОМАНДАСЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІК ДЕҢГЕЙІН ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қор өзгерістер динамикасын қадағалаумен бірге, өз жетістіктерін серіктес ұйымдармен салыстыру мақсатында Teach for All желісінің «Нәтижеге жету үшін қызметкерлердің тартылуы (EFR)» жаһандық зерттеуіне қатарынан екінші жыл қатысып келеді.

Зерттеу ұйым мәдениетінің 12 негізгі параметрін қамтиды: мақсаттар, жауапкершілік, ынтымақтастық, мойындау, икемділік және т.б., бұл ішкі ахуалды жан-жақты талдауды қамтамасыз етеді. Жауаптар 5 балдық шкала бойынша бағаланады, сонымен қатар, 5 балл – ең жоғары нәтиже.



БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕР

2024 жылы қызметкерлердің 90%-ы зерттеуге қатысты, ал **жалпы белсенділік деңгейі 4,1 балды құрады** — бұл өткен жыл деңгейіне сәйкес келетін және Teach for All желісінің орташа көрсеткішіне (4,4 балл) жақын тұрақты жоғары нәтиже. Ең жоғары көрсеткіш - TFQ миссиясына деген сенім (2024 және 2025 жылдары 4,7 балды көрсетті).

4,1 балл нәтижесі команданың жоғары мотивациясы мен тиімділігін растайды.

Осының арқасында біз бірге үлкен мақсаттарға қарай ілгерілеп, команда ішінде сенім мен қолдау атмосферасын сақтаймыз.

- Жоғары нәтиже
- Бақылаулар
- Шұғыл шаралар







БІЗДІҢ АМБАССАДОРЛАРЫМЫЗ

Біз білім беру саласын күн сайын жақсы жаққа өзгертіп жүрген Teach for Qazaqstan амбассадорларымен мақтанамыз. Олардың әрқайсысы бағдарламамызды қолдап, білім беру бастамаларын дамытуға тың идеялар, энергия мен ынта-жігер қосуда.



НАРИМАН АМАНТАЕВ

— миды зерттеуші, McGill University Ph.D. кандидаты, Forbes «30 дан 30» қатысушысы. Оның жұмысы оқыту мен қарым-қатынас тәсілін өзгертуде.



ПЕРИЗАТ МЫРЗАХМЕТ

— білім берудің шығармашылық әлеуетін ашып, идеяны практикамен ұштастыра отырып, оқуды қызықты әрі тартымды ететін талантты сценарист.



ЕСКЕНДІР БЕСТАÏ

— педагог және тренер, оқушыларды өзіне сенуге және қабілеттерін жүзеге асыруға шабыттандыра отырып, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға көмектесуде.



КАМИЛА РОЛЛАН

— Cambridge PhD, «Education for All» орталығының негізін қалаушы. Қазіргі күні балаларға оқып-үйрену мен дамуға жаңа мүмкіндіктер ашатын инклюзивті орта қалыптастыруда.



ДАНИЯР ЖІГІТБЕК

— танымал кітаптардың және Kitara! жобасының авторы, қаржылық мәселелерді практикалық кеңестер мен қызықты стиль арқылы қарапайым әрі қолжетімді етуде.



АЙТКУЛЬ ЖАНДАРБЕК

— поп-мәдениет элементтерін оқытуда қолданатын teacher-gEEK, балалардың жаңа білімді қызығушылықпен меңгеруіне жағдай жасайтын ерекше атмосфера қалыптастыруда.



5 ESTRELLAS SERVICE
SUITE[®]
DREAMS

The image shows the back of a person wearing a blue hoodie. The hoodie features the text '5 ESTRELLAS SERVICE' at the top, with five stars above it. Below that, the words 'SUITE' and 'DREAMS' are printed in large, bold, white letters. The person is standing on a green artificial turf surface in front of a white building with a corrugated metal roof. Several other people are visible in the background, some looking towards the person in the hoodie. One person on the right is kneeling and holding a smartphone, possibly taking a photo or video.





TFQ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕ: СЫРТҚЫ КӨЗҚАРАС

Teach for Qazaqstan бағдарламасы қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының үлкен қызығушылығын тудырып отыр. Олар білім беру саласы үшін бағдарламаның маңыздылығын және бағдарлама қатысушыларының шабытқа толы оқиғаларын атап өтеді.

Нақты жетістік оқиғалары мен мықты сараптаманың арқасында «Teach for Qazaqstan» бағдарламасы Қазақстандағы білім беру жүйесінің болашағы үшін өз маңыздылығын дәлелдеп келеді.

«Ұзақ уақыттан бері алғаш рет мен мектептегі жылдарымды жылы сезіммен еске алып, TFQ жобасының біздің шындығымызды басқалардан да көбірек өзгертіп жатқан барлық қатысушыларына деген терең құрмет сезіміне бөлендім. Өз үлгілері мен тәлімгерлігі арқылы олар балаларға жарқын болашаққа деген үміт пен бәрі де қолдарынан келетініне сенім сыйлайды. Бұл ең бастысы емес пе?».

Manshuk Media
жобаның ерекшелігін
атап өтті

«Бағдарлама әр баланың қадір-қасиеті мен бірегейлігі бағаланатын қауіпсіз орта қалыптастырады. Бұл бастама жастарға жаңа қызмет салаларын меңгеріп, келісімшарт негізінде жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді. Бүгінде Қарағанды облысында 32 педагог жұмыс істейді, олардың басым бөлігі еліміздің өзге өңірлерінен келгендер мамандар».

Ortalyq Qazaqstan
құндылықтар мен
мүмкіндіктерді атап өтті

«Еңбекақысы төмен, жүктемесі жоғары оқытушылық әлемінде кейбір жандар өз ісіне адал. Олардың басым бөлігі Teach for Qazaqstan бағдарламасы арқылы білімді шалғайдағы қазақ ауылдарына жеткізіп жүр... Бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі де білімдегі теңсіздікті жою және ауыл мен қала арасындағы алшақтықты азайту. Көптеген мұғалімдерді ортақ құндылықтар біріктіреді: қолдаушы орта, қауымдастық сезімі, оқушылар арасындағы сенім және бағдарламаға деген шығармашылық көзқарас. Олардың кейбірінде педагогикалық диплом бар, ал кейбіреуінің басты мақсаты ауылдық жерлерге сапалы білім әкелу үшін мамандығын түбегейлі өзгерту...»

The Astana Times

бағдарламаның миссиясына назар аударды

«...Teach for Qazaqstan Қазақстанның білім беру жүйесінде жүйелі өзгерістерге ұмтылуын жалғастырып, әрбір бала үшін тең мүмкіндіктер жасап, ел өңірлерінің ұзақ мерзімді дамуына үлес қосуда».

Бизнес-Мир

TFQ-ның стратегиялық маңызын атап өтті

«Алина Смакотинаның оқиғасы өмірді түбегейлі өзгерту туралы мотивациялық фильмнің сценарийіне әбден лайық. 2023 жылдың тамызында ол қарбалас Астанадан Абай моноқаласына кешіп келді. 2023 жылдан бастап 22 жас мұғалімнен тұратын алғашқы лек 9 мектепте 3 500-ден астам оқушыны оқытты. Олар бірге 15 мың сағат сабақ өткізіп, жобаларды жүзеге асырды — мысалы, Dope Söz-пен бірлескен «Ауыл баласы нені армандайды?» жобасы».

Batyrjamal

өзгерістер тарихын баяндады

«Елімізде ауылдық және қалалық мектептер арасындағы білім көрсеткіштерінің айтарлықтай айырмашылығы жиі айтылады. Әсіресе ауыл өңірлеріндегі балаларды заманауи білім беру жағдайларымен қамтамасыз ету мәселесі өзекті. Осы мәселені шешу үшін түрлі бағдарламалар енгізілуде. Солардың бірі әрі сөзсіз бірегейі — Teach for Qazaqstan жобасы».

El.kz

қала мен ауыл арасындағы білім беру алшақтығының өзектілігін атап өтті

БІЗДІҢ СЕРІКТЕСТЕР

Серіктес ұйымның атауы	Жобаға қалай қатысады?
Teach For All, Inc.	Барлық балаларға өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ұжымдық көшбасшылықты дамыту жолындағы ортақ мақсатқа жету бағытындағы ынтымақтастық
McKinsey & Company	Зияткерлік волонтерлік
Freedom Holding Corp.	Стратегиялық донор, Қарағанды облысындағы 9 серіктес мектепте Бағдарламаны іске асыру.
ERG	Негізгі донор, ERG Мектеп жобасын Рудный, Хромтау және Ақсу қалаларындағы 3 мектепте іске асыру.
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі	«Teach for Qazaqstan» бағдарламасын іске асыру бойынша ынтымақтастық
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі	«Teach for Qazaqstan» бағдарламасын іске асыру бойынша ынтымақтастық
SDU University	«Teach for Qazaqstan» бағдарламасы қатысушыларын педагогикалық қайта даярлау және сертификаттау бойынша ынтымақтастық
Enactus Kazakhstan	Білім беру саласындағы жобаларды іске асыру бойынша ынтымақтастық
Ассоциация HR (ЭйчАр) - менеджер	Қордың білім беру бағдарламалары мен жобаларына кандидаттарды іріктеу үдерісіндегі өзара ынтымақтастық
DOS Community	Зияткерлік волонтерлік бағытындағы ынтымақтастық
Қарағанды облысы Білім басқармасы	«Teach for Qazaqstan» бағдарламасын іске асыру бойынша ынтымақтастық


Ұлытау облысы Білім басқармасы	«Teach for Qazaqstan» бағдарламасын іске асыру бойынша ынтымақтастық
Ақтөбе облысы Білім басқармасы	«Teach for Qazaqstan» бағдарламасын іске асыру бойынша ынтымақтастық
Қостанай облысы Білім басқармасы	«Teach for Qazaqstan» бағдарламасын іске асыру бойынша ынтымақтастық
Павлодар облысы Білім басқармасы	«Teach for Qazaqstan» бағдарламасын іске асыру бойынша ынтымақтастық
Tidam.co	Зияткерлік волонтерлік бағытындағы ынтымақтастық
HeadHunter	Бағдарлама қатысушыларын рекрутингтеу үшін алаңды пайдалану бойынша ынтымақтастық
Қарағанды және Астана қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері	Қор іс-шараларын өткізуге арналған алаңдар ұсыну
IQ Coworking	Астана қаласында бетпе-бет іріктеу өткізуге арналған алаң ұсыну
Қазақстан халықтары Ассамблеясының Достық үйі	Қарағанды қаласында бетпе-бет іріктеу өткізуге арналған алаң ұсыну
UIB, Университет Международного Бизнеса имени Кенжегали Сагадиева	Алматы қаласында бетпе-бет іріктеу өткізуге арналған алаң ұсыну
Креативная школа Б.Тулегеновой	Қор іс-шараларын өткізуге арналған алаңдар ұсыну
Riviera International School by Quantum	Қор іс-шараларын өткізуге арналған алаңдар ұсыну
Aqyldy qala	5 қаладағы LED-экрандарда Қор туралы ақпаратты орналастыру
Microsoft	Офистің жұмысына арналған тегін лицензиялар ұсыну



СІЗ БІЗГЕ КӨМЕКТЕСЕ АЛАСЫЗ:

Қайырымдылық көмек

Благотворительные пожертвования



Teach for Qazaqstan